



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Қолданылған әдебиеттер:

1. Тұрғын үй құрылысы мәселесін шешудегі ипотекалық несиенің орны, Шинетова, С.Г. Астана 2007ж
2. Қазақстандағы ипотекалық несиелеудің қазіргі жағдайдағы мәселелері және даму болашағы, Мухитбекова А.М.
3. «Ипотекадан өрт шығуы әбден мүмкін», Ғазиз Құрмашұлы
4. А.Ж.Тұрлыбекова. Қазақстан ипотекалық компаниясы және тұрғын үй құрылысын дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. //ҚазҰУ хабаршысы. Экономика сериясы. №1. 2006ж.
5. Сағындықова Н. «Ипотекалық игіліктер», Егемен Қазақстан, 2004ж. 23 қаңтар.

11.9 Уголовно-правовая политика

УДК343.122

ЖӘБІРЛЕНУШІНІҢ АЙҒАҚТАРЫН ДӘЛЕЛДЕМЕНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ РЕТІНДЕ ТАҢУ

Абулкаирова Алия Мұқсинқызы

a..l..i..y..a@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ 2-курс магистранты

Ғылыми жетекші - з.ғ.к. Ашимова Э.А

Қылмыстық процесті жүргізуші мемлекеттік органдардың алдында, әрбір қылмыстық іс бойынша объективті шындықты анықтау мақсаты тұрады. Осы шартты орындауменен, яғни объективті шындықты анықтауменен прокуратура, сот және тергеу органдары, ҚР ҚІЖК 8-бабында анықталып көрсетілген қылмыстық процестің орасан зор мақсаттарын тиімді орындай алады.

Қылмыстық іс бойынша шындықты орнату, өмірде орын алған бейнені қалпына келтіру, зерттеу пәні болып тұрған мән-жайларды немесе фактілерді білу, дәлелдеу, айқындау, оларға дұрыс қоғамдық-саяси және құқықтық баға беру дегенді білдіреді. Сол фактілерді анықтаудың жалғыз құралы сот дәлелдемелері болып саналады, яғни сот, тергеуші және анықтау органы заңмен көзделген тәртіп негізінде қоғамға қауіпті іс-әрекеттің бар немесе жоғын, сол әрекетті жасаған адамның кінәлілігін осы істі дұрыс шешуге зор үлесін қоса алатын қандай да болмасын іс жүзіндегі деректер арқылы анықтай алады. Дәлелдемелер істі дұрыс шешу үшін маңызы бар мән-жайларды көрсететін фактілі деректер қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер ретінде қолданылады. Олар: күдіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің, куәнің, қорғалуға құқығы бар куәнің, сарапшының, маманның айғақтарымен; сарапшының, маманның қорытындысымен; заттай дәлелдемелермен; процестік әрекеттердің хаттамаларымен және өзге де құжаттармен (ҚР ҚІЖК 111-бабының 2-бөлігі). Олар әдетте іс жүзіндегі деректердің қайнар көздері деп аталады. Жәбірленушінің, куәнің, күдіктінің, айыпталушының айғақтары, ҚР ҚІЖК 112-бабы 1-бөлігіне сәйкес, егер олар қылмыстық іс жүргізу кодекстің талаптарын бұза отырып, алынған нақты деректердің анықтығына сотқа дейінгі тергеп-тексеру немесе істі сотта қарау кезінде процеске қатысушыларды заңмен кепілдік берілген құқықтарынан айыру немесе құқықтарына қысым көрсету немесе қылмыстық процестің өзге де ережелерін бұзумен алынбаған кезде, дәлелдемелердің түрлері немесе дәлелдеу құралдары болып табылады [1].

Осы дәлелдемелер қайнар көздерінің қатарында аса маңызды орынды жәбірленушілер алып отыр. Себебі қылмыстық істің қозғалуы, оның әрі қарай жылжуы көп жағдайларда жәбірленушінің берген айғақтарына тікелей байланысты.

Белгілі бір оқиға, қылмыс фактісі арқылы өзіне зардабы тиген азамат жәбірленуші болып табылады. Оның орнына өзге ешкім жәбірленуші ретінде танылып, жауап беруге болмайды.

Жауап алу – бұл тергеп тексеру органының немесе соттың қылмыстық іс жүргізу заңы белгілеген нысанда жауап алынатын адамнан қылмыстық іс бойынша дәлелдеу мәніне жататын, өзіне мәлім фактілер жөнінде айғақтар алу және оларды тіркеу мақсатында жүзеге асыратын тергеу және сот іс-әрекеті [2].

Жәбірленушінің жауап беруі өзіне келтірілген рухани, дене немесе мүлктік зардап тұрғысынан бастау алады және қылмыстық іс жүргізушілік әрекет үрдісінде жеке дәрежелік орын алады. Тергеушілер арасында жәбірленушіден жауап алу ең жеңіл және қарапайым тергеу әрекетінің бірі деген пікірлер бар. Бірақ мұндай пікірмен келісуге болмайды. Себебі, толық жарамды жауап алуды жүргізу, жауабында деректеріне енгізілген барлық жағдайларды анықтау тергеушіден іс жүргізу заңының барлық ережелерін сақтауды ғана емес, сонымен бірге жауап алып отырған адамның жеке психикасы мен дене бітімі ерекшеліктері туралы жан-жақты білімін қолдануды талап етеді.

Қайнар көздерінің қатарында жәбірленушінің табиғатына ұқсас куә болып келген. Айғақтардың пәні, мазмұны және нысаны бойынша екеуінің де ұқсастықтары бар. Айғақтардың құрылу, туындау процесіндегі де көптеген ұқсастықтарды табуға болады [3]. Осыған байланысты заңмен бекітілген, айғақтарды жинау, зерттеу, тексеру және бағалау әрекеттері куә мен жәбірленушіге бірдей процессуалдық тәртіпте өтетіні жайдан жай емес (ҚР ҚІЖК 214, 215-баптары). Бірақ куә мен жәбірленуші қылмыстық іс жүргізудің біркелкі, ұқсас қатысушы тұлғалар болып табылмайды. Әдетте, куәнің іс бойынша ешқандай процессуалдық мүддесі жоқ, істі жүргізу кезіндегі тұрақты орынға ие болмайтын, іске тек қана қылмыстық істің негізінен өзіне мәлім болған мән-жайлар туралы шынайы хабарлау құқықтық міндетімен мінезделетін тұлға ретінде танылады, ал жәбірленушіге келетін болсақ, ол әрқашанда істің өз пайдасына шешілуін көздеп жүретін, іс өндірісі кезінде тұрақты орынға ие болатын, істің шешілу нәтижелеріне өз ықпалын тигізеді [4]. Тіпті, оның берген жауабын куәнің, тіпті айыпталушының берген айғақтарымен салыстырсақ бірнеше айырмашылығын көреміз.

Әдетте, куә процестің субъектісімен санасуға болмайды, ол өзінің құқығын талап етпейді және ол өзіне қатыссыз болып табылатын қылмыстық оқиға туралы өзіне белгілі деректерді қылмыстық процесті жүргізуші органға жауап беру үшін ғана процеске қатысады. Ал жәбірленуші болса, өзінің бұзылған құқығын орнына келтіруге және айыпкердің тиісті жазасын алуы үшін бар күшін салады. Сондықтан жәбірленушінің жауап беруі, оның заңды құқықтарын қорғау тәсілінің бірі. Куә мен жәбірленушінің жауап беруіндегі белгілі бір жайт: нақты деректермен қоса, олардың болған оқиғаға қатысты жекелеген істерге байланысты өзіндік ойлары мен қорытынды пікірлері де айтылуы мүмкін.

Жәбірленушінің жауап беру кезіндегі келтірген мәліметтерінің толықтығы мен шынайлығы, оның бұл оқиғаның ашылуына, ақиқатқа жетуге мүмкіндік береді. Оның жауап беруі қылмыс құрамының кез-келген элементіне қатысты болуы мүмкін. Сонымен қатар, жәбірленуші жауап беруде өзіне белгілі барлық деректі көрсете алады, тек оның бәрі іске қатысты, маңызды болуы тиіс. Осындай жалпылама сипаттамада жәбірленушінің жауап беруі куәнің жауап беруінен еш айырмашылығы жоқ тәрізді. Алайда, әрбір істе тек жәбірленушінің өзіне ғана белгілі жағдаяттар да кездеседі. Осы деректер жәбірленуші көрсеткен негізгі мәлімет болып табылады. Қылмыстық істі жүргізуші орган ең алдымен осындай дерек көздері арқылы істі қарауға кіріседі.

Қорлау, жала жабу, қол жұмсау т.б. істерде ең алдымен жәбірленуші мен қылмыскер өзара қарым-қатынасын анықтау өте маңызды, сондай-ақ, қылмыскердің қоғамдағы орны, өмір сүру сипаты, жекелеген мінездемелері т.б. мәліметтер көп нәрсені анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, әрине, жәбірленушіден қылмыстың орындалу жағдаятын, сондай-ақ өзіне келген зардап туралы сұралуы тиіс. Дәлелдеу құралының өзі қылмыстық заңда жүйеленген қылмыстың негізгі және басты құрамымен анықталады. Жәбірленушінің берген

қай жауабын қабылдау қылмыстық процесті жүргізуші органның ішкі сеніміне байланысты. Жәбірленушінің берген жауабы әр кезде де іске өте маңызды, әрдайым қандай да бір фактіге байланысты болып келеді. Тергеуші куәдан жауап алу сәтінде дәлелдеме болып табылмайтын фактілерді анықтауы мүмкін, яғни бұл куәнің берген жауабы дәлелдеме ретінде есептелмейді. Дәл осындай жағдай дәлелдеме ретінде қаралатын құрал немесе жазба құжаттармен де болуы мүмкін. Жәбірленушіге келтірілген зардап – қылмыстың тура нәтижесі. Сондықтан, оның берген жауабы толықтай болмаса да іске қатысты болады және қылмыстық іс жүргізуші органның қарауына жататын фактілер туралы мәліметтерді құрайды [5].

Жәбірленушінің жауап беруі бастапқы немесе туынды дәлелдеме болуы мүмкін. Бастапқы дәлелдеме – жәбірленушінің қылмыстық іс жүргізу органына айыпкердің жеке өзіне қатысты немесе болған қылмыстың жағдаяты туралы өзі көрген, естіген, не басқа жолмен қабылдаған фактіні жеткізу болып танылады. Мысалы, күйік туралы қаралған істе жәбірленуші тергеу кезінде, түнде ыстың иісінен оянып, терезеге қарағанында үйден биік аңшылыққа арналған етік киген, арқасында мылтығы бар адамның жүгіріп бара жатқанын көргенін айтады. Егер жәбірленуші бұл фактіні өз көзімен көрмей, өзге адам арқылы білген болса, онда оның келтірген дәлелдемелері туынды болып саналар еді. Жәбірленушінің туынды жауап беруі де іске өте маңызды болуы мүмкін. Бірақ әрине, жәбірленушінің жеке өзі қабылдаған фактілері қылмыстық процесте тікелей талаптарға жауап берері сөзсіз. Сондықтан, жәбірленушінің әртүрлі туынды дәлелдемелері ең алдымен сол фактінің бастапқы мәліметтері көмегімен тексерілуі тиіс. Жәбірленушінің берген жауабында айыпкер адамды және қылмыс оқиғасына тікелей сілтейтін деректер бар болуы немесе мұндай деректер жоқ, ал жәбірленуші тек болған қылмысқа байланысты белгілі бір пікірге әкелетін фактіге жеткізуіне қарай, жәбірленушінің берген жауабы тура және жанама дәлелдемелерге бөлінеді. Тура дәлелдеме - бұл басты факті, яғни айыпкер жасаған қылмыстың дәлелі. Мұнда жәбірленушіге айыпкердің болған қылмыс туралы мойындауы т.б. жатады. Барлық осы оқиғаларда жәбірленушінің берген жауабында тура және тікелей түрде басты ізденуші факт бекітіледі. Егер де жәбірленушінің берген жауабынан қылмысқа қатысты айыпкерді тура табу мүмкін болмаса, ол берген деректер тек жанама түрде мүмкін деген айыпкерді көрсетсе, онда бұл жанама дәлелдемелер болып табылады және бұған барлық ережелерді жинау соңғыларды пайдалану қажет. Қылмыстық іс жүргізу заңы жәбірленушінің қарсы болуын қарастырмайды және оның дәлел ретінде берген жауабына ешқандай шектеу қоймайды. Жәбірленушінің берген жауабының маңыздылығын ескере отырып, оның айыпкермен жеке қарым-қатынасы жайында сұрап біліп, қылмысты ашуға және айыпкерді әшкерелеуге болар еді. Жәбірленуші өзінің психикалық немесе дене кемшілігіне байланысты іске маңызды жағдаяттарды дұрыс қабылдай алмайтын жағдайлар да кездеседі. Мұндай жағдайда жәбірленушінің дене немесе психологиялық жағдайын анықтау үшін және оның дұрыс жауап беруіне мүмкіндігі туралы мәселені шешу үшін сараптама жүргізілуі мүмкін. Жәбірленушілердің басым көпшілігі өз еркімен және ақиқат негізінде сотқа немесе қылмыстық істі жүргізуші органға істің дұрыс шешілуі үшін қылмыстық іс бойынша өзіне белгілі фактілерді жеткізеді. Ең алдымен, жәбірленушінің өзі оған зардап келтірген қылмыстың ашылып, айыпкерлер тиісті жазасын алғанын қалайтыны анық. Алайда, жәбірленуші қандай да бір себептерге байланысты жауап беруден бас тартуы немесе нысанадан тыс, ал кейде тіпті жалған мәлімет беруі де мүмкін. Осыған байланысты қылмыстық іс жүргізу заң жәбірленушіні шындыққа жанасымды жауап беруге міндеттейді, сондай-ақ сот пен тергеуде оның жауап беруінің тәртібін анықтайды: Біріншіден, жәбірленуші оған белгіленген уақытта сот, прокурор, тергеуші немесе тергеу мекемесі шақырғанда келуі тиіс. Жәбірленушінің бұл міндеті - тек азаматтық ғана парызы емес, жеке басының жауапкершілігіне қатысты құқықтық мінездемелік міндеті. Жәбірленуші себепсіз келмей қалса, онда ол сот алдына еріксіз келтіруге тартылуы мүмкін. Ал егер жәбірленуші белгілі бір себептерге байланысты келмеген болса, ол келмеуінің себебі туралы анықтама көрсетуге міндетті. Екіншіден, жәбірленуші қойылған сұрақтарға жауап беруі және өзіне

белгілі жайттардың бәрін айтуға міндетті. Жалған айғақ берсе немесе айғақ беруден бас тартса, жәбірленушіге қылмыстық іс қозғалуы мүмкін. Жан-жақты және толық түрде дәлелдемелерді зерттеу – істің дұрыс шешілуінің алғышарты, жәбірленушіге белгілі бар жайтты қылмыстық іс жүргізуші органға жеткізуі қажет. Алайда, жәбірленуші қылмыстың жасалуына қатысты өзін әшкерелейтін айғақтарға жауап беруге міндетті емес. Үшіншіден, жәбірленуші шындыққа жанасымды жауап беруге міндетті. Саналы, ойластырылған сипатта жәбірленушінің жалған мәлімет беруі, қылмыстық істің бұрыс шешілуіне әкеліп соғуы мүмкін. Сондықтан да жалған мәлімет берген жәбірленушіге қылмыстық іс қозғалады. Егер ол қателік есебін де өз еркімен шатасушылық, фактіні дұрыс емес қабылдау жағдайында қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды. Дәлелдеме негізіндегі жәбірленушінің жауап беруінің процестік міндеттері осындай. Жәбірленушіден жауап алу тергеу әрекетінің бір түрі ретінде, белгілі адамның құқықтары сақталатындай және сенімді мәліметтер алатындай тәсілмен жүргізіледі. Жәбірленушіден жауап алу заң бойынша тергеушінің қызмет орнында өтеді. Алайда, тергеуші қажет деп тапқан жағдайда жауап алуды жәбірленуші тұратын не т.б. орында жүргізуге құқық бере алады. Мысалы ауруханада, үйде, жұмыс орнында т.б.

Тергеуші жауап алмас бұрын жәбірленушіге не себептен шақырғанын түсіндіреді, оған іске қатысты тек шындықты айтуын ескертеді және жауап беруден бас тартса немесе жалған мәлімет берсе, қылмыстық іс оған қатысты қозғалатынын ескертеді, содан кейін хаттамаға жәбірленушінің қолы қойылады.

Ал кәмелетке толмаған жәбірленушіден жауап алу ҚР ҚДЖК-нің 215-бабында тәртібі көрсетілген. Мәселен 14, 16 және 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар болып есептеледі. Сонымен бірге, қылмыстық іс жүргізу заңы адамның процесте айғақ бере бастайтын ең төменгі жасын белгілемейтінін ескеру қажет. Сот тергеу тәжірибесінде екі жарым жастағы баладан жауап алған жағдай да болған. Берген жауаптың аса қысқалығына қарамастан жас баланың жауабы тергеушіге іздеу бағытын анықтауға мүмкіндік берген [6]. Баланың психикасының ерекшеліктерін, сонымен бірге олардың аса қиялдауға икемділігін, сенімпаздылығын ескере отырып, олардан тек ерекше жағдайларда ғана жауап алу керек деп ойлаймыз. 14-жасқа толмаған куәдан немесе жәбірленушіден жас психологиясы мен педагогикасының негіздерін меңгерген педагогтың қатысуымен жауап алынады. Жауап алынатын адамның әлеуметтік кемелдену деңгейінің жеткіліксіздігін, енжарлығын көрсететін белгілер байқалғанда, педагогтың қатысуы жөніндегі мәселені тергеуші өзінің қалауына қарай шешеді.

Кәмелетке толмаған баладан жауап алуға оқытушы, заңды өкіл немесе басқа жақын туыстарының қатысуы тиімді, салмақты және психологиялық дұрыс жауап алудың кепілі болып табылады. Дәл осындай іс жүргізу тәртібінде көрсетілген адамдар жауап беруге, іс үшін маңызы бар барлық жағдай жөнінде рет-ретімен шындықты айтуға кедергі келтіретін жағдайларды (тұйықтық, қорқыныш, ұят, сенімсіздік және т.б.) жеңе алады.

Жауап алуда педагогтың қатысуы, баланың сөйлеу ерекшеліктерін мұқият жазып алуды талап ететін хаттаманы құрау негізінде қажет болуы мүмкін.

Қорыта келе, қылмыстық іс жүргізу заңдағы іс жүргізу тәртібі мен негізі қылмыстық істің, құрылған жағдайдың, сонымен бірге жәбірленуші тұлғасының нақты жағдайларын ескермеген жалпы, бастапқы түрде болады. Осыған байланысты, қандай да бір тергеу әрекетін жүргізу қажеттігі, оны жүргізу әдісі мен тәсілін таңдау, зерттелетін жайлардың көлемін анықтауды тергеуші қылмыс құрбанының жеке психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, өз бетімен шешеді. Жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдаланып жасалған қылмыс мән-жайларын анықтау іс бойынша тергеу әрекеттерін жүргізуді талап етеді. Бірақ қылмыстық іс жүргізу заңы жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдаланып жасалған қылмыс бойынша іс жүргізу тәртібін белгілемейді.

Дәрменсіз күйдегі жәбірленушіден жауап алу тергеу әрекетін жүргізетін орынды оның жеке психологиялық ерекшеліктерін, денсаулығын және психикалық жағдайын, жүріп-тұру қабілетін, жасалған қылмыс түрін ескеріп, таңдауды қажет етеді. Мысалы, қартайған

адамнан, егер оған жақын туыстары жағынан жасалған қылмыс құрбаны болса, тұратын мекенінде басқа отбасы мүшелерінің қатысуымен жауап алу ешқандай нәтиже бермейді.

Сондықтан біздің ойымызша ҚР ҚІЖК 215-1-бабын енгізіп, нақты жәбірленушінің дәрменсіз күйін негізге ала отырып, дәрменсіз күйдегі жәбірленушіден жауап алудың жүргізу тәртібін енгізген орынды.

Пайданылған әдебиеттер тізімі

- 1.Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 04.07.2014 ж.
- 2.Төлеубекова Б.Қ., Қапсәләмов Қ.Ж., Шынарбаев Б.Қ., Бекішев Д.Қ. ҚР қылмыстық іс жүргізу құқығы. Ерекше бөлім. Сотқа дейінгі сатылар. – Алматы: ҚазГЗУ, 2002. - 304б.
- 3.Якуб М.Л. Показания свидетелей и потерпевших (Оценка показаний свидетелей и потерпевших на предварительном следствии и в суде первой инстанции). - М.: Изд-ва МГУ (филиал), 1967. – 256 с.
- 4.Курочкина Л. Потерпевший и свидетель в уголовном судопроизводстве // Законность. – 2009. - №3. – С. 50-52.
- 5.Бахин В.П., Когамов М.Ч., Карпов Н.С. Допрос на предварительном следствии. - Алматы: Өркениет, 1992. – 313с.
- 6.Астана қаласы, №2 Сарыарқа аудандық сотының мұрағатынан.

УДК 343.622

ПРОБЛЕМЫ ПРЕДУПРЕЖДЕНИЯ УБИЙСТВА МАТЕРЬЮ НОВОРОЖДЕННОГО РЕБЕНКА

Адебиетова Акбота Адебиеткызы

111_qqq_12@mail.ru

ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Научный руководитель- к.ю.н. Муратханова М.Б.

Однако устоновить точную картину состояния, структуры, динамики убийства матерью новорожденного ребенка достаточно сложно, так как убийство матерью новорожденного ребенка отличается высокой латентностью. Причиной повышенной латентности выступает совокупность обстоятельств социального правового, личностного и иного характера, препятствующих выявлению, регистрации и учету преступлений, а также их раскрытия. При этом под совокупностью обстоятельств социального свойства следует понимать и определенные издержки в деятельности правоохранительных, судебных и иных надзорных и контролирующих органов, в обязанности которых входит отправление правосудия, то есть установление наличия преступления и выявление лиц, их совершивших, регистрация учет преступлений в целом, которые вследствие «отсутствия» потерпевших (в 80% случаев по делам об убийствах новорожденного потерпевшим никто не был признан) считает нецелесообразным заниматься данными делами.

Примечательно, что количество осужденных за убийство матерью новорожденного ребенка значительно меньше, чем число зарегистрированных преступлений по статье 100 УК Республики Казахстан, в среднем число осужденных составляет 50% от общего количества зарегистрированных фактов. Так, в 2010 г. зарегистрировано 24 факта – осуждено 14, в 2012 г. зарегистрировано 27 фактов – привлечено к уголовной ответственности 11, в 2013 г. зарегистрировано 11 фактов убийства матерью новорожденного ребенка – привлечено к уголовной ответственности 2 человека.

В основном убийства новорожденных совершается в квартирах, частных домах, общежитиях, то есть по месту жительства матери-убийцы, но существуют и случай убийств матерями своего новорожденного ребенка не по месту жительства преступницы. Такие женщины специально перед родами выезжают к родсвенникам в соседние населенные